ҒТАХР 21.31.35

Ғылыми мақала

СОПЫЛЫҚ МӘТІНДЕРДЕГІ ҚҰРАН АЯТТАРЫ МЕН ХАДИСТЕРДІ ИНТЕРПРЕТАЦИЯЛАУ ДӘСТҮРІНІҢ ГЕРМЕНЕВТИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ: «БУСТАН УЛ-МУХИББИН» ТРАКТАТЫ МЫСАЛЫНДА

З.П. Муминова[1,2], А.Ю. Балтабаева[2]

АҢДАТПА

Мақалада XVIII-XIX ғасырлардағы түркі сопылық әдебиетінің көрнекті туындысы - Шайх Худайдад бин Таш-Мұхаммед әл-Бұхаридің «Бустан ул-мухиббин» трактаты негізінде Құран аяттары мен хадистердің сопылық интерпретациясы герменевтикалық тұрғыда талданады. Зерттеудің басты мақсаты – сопылық мәтіндердегі рухани мағынаны ашу дәстүрінің теологиялық және философиялық негіздерін айқындау. Авторлар Құран аяттары мен хадистің ишари (астарлы) түсіндірілуін сопылық герменевтиканың дербес әдісі ретінде қарастырып, оны Қожа Ахмет Ясауи, Әбу Хамид әл-Ғазали және Әбу әл-Қасым әл-Құшайри еңбектеріндегі интерпретациялық үлгілермен салыстыра талдайды. Зерттеу өзектілігі сопылық мұралардың тек діни-поэтикалық немесе әдеби құндылығы ғана емес, сонымен бірге ислам герменевтикасының өзіндік мектебі ретінде қарастырылуында.

Зерттеудің дереккөздік негізін «Бустан ул-мухиббин» трактатының үш қолжазбалық нұсқасы құрайды: екі нұсқасы Өзбекстан Ғылым академиясының Әбу Райхан әл-Бируни атындағы Шығыстану институтында (№ 5455/II және № 9163), үшінші нұсқасы Түркістан қаласындағы «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорықта (№ КК-3704) сақтаулы. Зерттеу әдіснамасы мәтінтану, сопылық герменевтика, мазмұндық-теологиялық талдау және символдық-салыстырмалы деконструкция әдістеріне негізделген. Жұмыстың ғылыми жаңалығы – Құран аяттары мен хадистердің сопылық метафоралар мен ишараттар арқылы түсіндірілетін рухани-экзегетикалық үлгісін көрсетуінде. Негізгі нәтижелер ретінде «жүрек - рухани Қағба», «мұршид - рухани бағыттаушы», «зікір - жүрек көзін ашушы амал» сияқты сопылық ұғымдардың жүйеленіп, олардың адам руханияты мен этикалық кемелдену іліміндегі өзара байланысы ашылды.

Зерттеу нәтижелері діни-философиялық тұрғыдан сопылық интерпретация бағытын тереңдетіп, рухани тәрбиенің мәтіндік және герменевтикалық негіздерін анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, ол түркі сопылық әдебиетін жүйелі оқыту мен діни-білім беру процесінде тәжірибелік-әдістемелік үлгі ретінде қолдануға болатынын дәлелдейді.

Нәтижесінде сопылық герменевтиканың негізгі қағидаттары - ішкі мағынаға үңілу (батин), ишарат пен символ арқылы мән ашу (ишара) және мәтінді рухани тәжірибемен байланыстыру (тәжриба) тәсілдері анықталды.

Түйін сөздер: сопылық, герменевтика, Құран аяттары, хадис, ишари мағына, рухани тәрбие, Ясауи, «Бустан ул-мухиббин».

[1] Нұр-Мүбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Алматы, Қазақстан

[2] Ясауитану ғылыми орталығы, «Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы, Түркістан, Қазақстан

Автор-корреспондент:
А.Ю. Балтабаева,
a.baltabaeva@azretsultan.kz

Сілтеме:
Муминова З.П., Балтабаева А.Ю. Сопылық мәтіндердегі Құран аяттары мен хадистерді интерпретациялау дәстүрінің герменевтикалық негіздері: «Бустан ул-Мухиббин» трактаты мысалында // Адам әлемі.
– 2026. – Т. 28. – №4 (440).
– Б. 180-188.
– DOI: 10.48010/xmgm4741

Ашық қолжетімділік
© Автор(лар), 2026
Бұл ашық қолжетімді мақала Creative Commons Attribution 4.0 International (CC BY 4.0) лицензиясының талаптарына сәйкес таратылады.
https://creativecommons.org/licenses/by/4.0/

Редакцияға түсті: 14/01/2026
Қабылданды: 25/07/2026
Онлайн жарияланды: 30/10/2026

Герменевтические основы традиции интерпретации аятов Корана и хадисов в суфийской литературе: на примере трактата «Бустан уль-Мухиббин»

Аннотация. В статье проводится герменевтический анализ суфийской интерпретации аятов Корана и хадисов на основе выдающегося памятника тюркской суфийской литературы XVIII-XIX веков - трактата шейха Худайдада бин Таш-Мухаммада аль-Бухари «Бустан уль-мухиббин». Актуальность исследования заключается в возрастающем интересе к суфийской герменевтике как методу постижения внутреннего смысла исламских текстов в контексте современных философских исследований.

Основная цель исследования - определить теологические и философские основания традиции раскрытия духовного смысла в суфийских текстах. Авторы рассматривают ишари (аллегорическое, внутреннее) толкование аятов Корана и хадисов как самостоятельный метод суфийской герменевтики, сопоставляя его с интерпретационными моделями, представленными в трудах Ходжи Ахмеда Ясави, Абу Хамида аль-Газали и Абу аль-Касима аль-Кушайри.

Источниковую базу исследования составляют три рукописные версии трактата «Бустан уль-мухиббин»: две из них хранятся в Институте востоковедения имени Абу Райхана аль-Бируни Академии наук Узбекистана (№ 5455/II и № 9163), третья - в Национальном историко-культурном музее-заповеднике «Азрет Султан» в Туркестане (№ KK-3704). Методология исследования основана на текстологическом анализе, суфийской герменевтике, теолого-содержательном подходе и методе символико-сравнительной деконструкции. Научная новизна состоит в определении духовно-экзегетической модели суфийского толкования, где аят и хадис постигаются через систему метафор и ишаратов (символических указаний). В числе основных результатов - систематизация ключевых суфийских понятий: сердце - духовная Кааба, муршид - духовный наставник, зикр - акт раскрытия сердца. Эти концепты взаимосвязаны с учением о духовном совершенствовании и внутренней этике человека.

Результаты исследования углубляют философско-религиозное понимание суфийской интерпретации аятов Корана и хадисов, определяя текстовые и герменевтические основы духовного воспитания. Кроме того, они могут быть использованы как практическо-методологическая модель при системном изучении тюркской суфийской литературы и в религиозно-образовательной деятельности. В заключение выявлены основные принципы суфийской герменевтики: обращение к внутреннему смыслу (батин), раскрытие значения через символ (ишара), а также связь текста с духовным опытом (тажриба).

Ключевые слова: суфизм, герменевтика, аяты Корана, хадис, смысл ишари, духовное воспитание, Ясави, «Бустан уль-мухиббин».

Hermeneutical Foundations of the Sufi Tradition of Interpreting Qur'anic Verses and Hadiths: a Case Study of the Treatise "Bustan al-Muhibbin"

Abstract. The article presents a hermeneutical analysis of the Sufi interpretation of Quranic verses and Hadiths based on the outstanding monument of Turkic Sufi literature of the 18t-19th centuries - the treatise Bustan al-Muhibbin by Shaykh Khudaydad bin Tash-Muhammad al-Bukhari. The study's relevance lies in its focus on revealing the inner (theological and philosophical) dimensions of Sufi hermeneutics within the broader framework of Islamic thought and spiritual education. The main objective of the study is to determine the theological and philosophical foundations of the tradition of unveiling spiritual meanings in Sufi texts.

The authors consider the ishari (allegorical or inner) interpretation of the Quran and Hadith as an independent method of Sufi hermeneutics, comparing it with interpretative models found in the works of Khoja Ahmed Yasawi, Abu Hamid al-Ghazali, and Abu al-Qasim al-Qushayri. The source base of the study comprises three manuscript copies of the treatise Bustan al-Muhibbin: two are preserved at the Institute of Oriental Studies named after Abu Rayhan al-Biruni of the Academy of Sciences of Uzbekistan (No. 5455/II and No. 9163), and the third is kept in the "Azret Sultan" State Historical and Cultural Museum-Reserve in Turkestan (No. KK-3704). The research methodology is based on textual analysis, Sufi hermeneutics, theological and content analysis, and the method of symbolic-comparative deconstruction. The scientific novelty of the research lies in revealing a spiritual-exegetical model of Sufi interpretation in which Quranic verses and Hadiths are understood through a system of metaphors and isharat (symbolic indications).

Among the main results is the systematization of key Sufi concepts such as: the heart as the spiritual Kaaba, the murshid as the spiritual guide, and dhikr as the act of heart's awakening. These notions are interconnected with the doctrine of spiritual perfection and inner ethics of the human being.

The findings deepen the philosophical and theological understanding of Sufi interpretation of the Quran and Hadith, defining the textual and hermeneutical foundations of spiritual education. Moreover, the results can serve as a practical and methodological model for the systematic study of Turkic Sufi literature and for implementation in religious and educational practices. In conclusion, the study identifies the main principles of Sufi hermeneutics: engagement with the inner meaning (batin), unveiling significance through symbol and ishara, and linking the text with personal spiritual experience (tajriba).

Keywords: Sufism, Hermeneutics, Quranic Verses, Hadith, Ishari Meaning, Spiritual Education, Yasawi, Bustan Al-Muhibbin.

Кіріспе

Қазіргі таңда сопылық мәтіндерді герменевтикалық тұрғыдан зерделеу - ислам өркениетінің рухани коды мен философиялық жүйесін тануда маңызды бағыттардың бірі. Бұл бағыт қазіргі діни-философиялық ойдың, рухани тәрбиенің және мәтінтанудың тоғысында тұрған өзекті мәселе.

Сопылық ілім ислам өркениетінің рухани өзегі әрі мәдени-философиялық құрылымының ажырамас бөлігі. Оның басты мақсаты - адамның рухани кемелдену жолында ішкі дүниесін тазартып, жүрек көзін ашу арқылы Хаққа жақындау. Бұл ілімнің түп негізінде Құран аяттары мен хадис мәтіндерінің сыртқы емес, ішкі (батини) мағынасын түсіну тұжырымдамасы жатыр.

А. Шиммель мен С. Х. Насрдың еңбектерінде атап өтілгендей, ислам мистицизмінің негізі Құран мен Пайғамбар өмірінен бастау алады. Құран сопылар үшін тек құқықтық немесе догматикалық мәтін емес, рухани тазарудың, нәпсіні тәрбиелеудің және Аллаға жақындаудың негізгі құралы, сондай-ақ «құдайлық махаббаттың терең сырларын» ашатын қасиетті мәтін ретінде қарастырылады [1, 25-26 бб.; 2, 192 б.].

Осы тұрғыдан алғанда, сопылар үшін Құран аяттары мен хадистер құқықтық нормалар жинағы немесе догматикалық қағидалар ғана емес, рухани тазарудың, нәпсіні тәрбиелеудің және Алламен байланыс орнатудың басты құралы болып табылады.

Исламдық герменевтиканың қалыптасуында сопылық дәстүр ерекше рөл атқарды. Ерте дәуірден бастап сопылар Құранды тек тілдік немесе құқықтық тұрғыдан емес, рухани мағыналық тұрғыда түсіндіруге ұмтылды. Олар *тавил* (ішкі мағынаны терең түсіндіру) және *ишара* (символдық ишарат арқылы мән ашу) әдістерін дамытты. З.К. Сандс атап өткендей, ерте сопылардың тәпсірлерінде «ішкі түсіндіру» мәтінді рухани тәжірибемен байланыстыратын «hermeneutic» (герменевтика) тәсіл ретінде қалыптасты [3, 12-15 бб., 29-30 бб.]. У. Читтик те Құранды түсіндіруде мәтін мен тәжірибе арасындағы өзара байланысқа негізделген «рухани hermeneutic айналым» ұғымын енгізеді [4, 24-27 бб.]. Бұл тәсіл исламдық руханиятта герменевтикалық айналым (hermeneutic circle) принципін нақтылап, мәтін мен тәжірибе арасындағы өзара түсіністік процесін қалыптастырды.

Түркілік сопылық әдебиетте бұл үрдіс ерекше дамып, Қожа Ахмет Ясауи, Сүлеймен Бақырғани және олардың ізбасарларының шығармашылығында жүйелі сипат алды. Ясауидің *«Диуани хикметінде»* Құран аяттары мен хадистердің ишари мағыналары поэтикалық бейнелер арқылы түсіндіріліп, адам мен Алла арасындағы рухани қатынас поэзия тілімен жеткізілді. Сопылық әдебиет осылайша ислам герменевтикасының поэтикалық және этикалық арнасына айналды [5, 60 б.].

Осы дәстүрдің көрнекті жалғасы - XVIII-XIX ғасырларда жазылған Шайх Худайдад бин Таш-Мұхаммед әл-Бұхаридің *«Бустан ул-мухиббин»* трактаты [6, 7]. Бұл шығармада Құран мен хадис мәтіндері рухани-педагогикалық тұрғыда түсіндіріліп, жүрек тәрбиесі (*тасфиятул қалб*), ұстаз бен шәкірт қатынасы (*муршид – мүрид* байланысы), зікір мен ахлақ қағидаларының мағыналық құрылымы ашылады.

Зерттеу өзектілігі сопылық мұралардың тек діни-поэтикалық немесе әдеби құндылығы ғана емес, сонымен бірге ислам герменевтикасының өзіндік мектебі ретінде қарастырылуында. Түркі сопылық дәстүріндегі мәтін интерпретациясы теологиялық, антропологиялық және мәдени-педагогикалық деңгейлерді біріктіретін күрделі құбылыс. Сондықтан *«Бустан ул-мухиббин»* тек діни шығарма емес, адамның рухани қалыптасуы мен ішкі дүниесінің құрылымын бейнелейтін философиялық туынды ретінде қарастырылады.

Мақаланың мақсаты - «Бустан ул-мухиббин» мәтініндегі Құран аяттары мен хадистердің сопылық интерпретациясын герменевтикалық тұрғыдан талдап, оның түркі сопылық дәстүріндегі жалғастығын анықтау болып табылады. Зерттеудің міндеттері сопылық әдебиеттегі Құран мен хадис интерпретациясының ерекшеліктерін сипаттау, «Бустан ул-мухиббин» трактатының құрылымы мен мазмұнын талдау, сондай-ақ аят-хадис интерпретациясының герменевтикалық әдістерін (тавил, ишара, батини мағына) жүйелеу болып айқындалады.

Мақалада алғаш рет «Бустан ул-мухиббин» трактатының үш қолжазбалық нұсқасы негізінде Құран мен хадис интерпретациясының сопылық-герменевтикалық үлгісі жүйеленіп, түркі сопылық әдебиетінің герменевтикалық мектебі ретінде сипатталды. Зерттеу герменевтикалық, мәтінтанулық және салыстырмалы-теологиялық тәсілдердің кешенді қолданылуына негізделеді.

Әдіснама

Зерттеу дереккөздері ретінде Шайх Худайдад бин Таш-Мұхаммед әл-Бұхаридің «Бустан ул-мухиббин» шығармасының үш қолжазбалық нұсқасы пайдаланылды. Бірінші және екінші қолжазбалар Өзбекстан Республикасы Ғылым академиясының Әбу Райхан әл-Бируни атындағы Шығыстану институтының негізгі қорында сақтаулы: №5455/II (БМ-1) және №9163 (БМ-2) Бұл екі нұсқа парсы және шағатай тілдеріндегі аралас жазба дәстүрін көрсетіп, сопылық мәтіндердің аймақтық тілдік вариациясын танытады. Үшінші нұсқа Қазақстан Республикасының Түркістан қаласындағы «Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени қорық-музейінің қорында №ҚК-3704 тіркеу нөмірімен сақтаулы [6]. Бұл нұсқа мазмұндық жағынан неғұрлым толық және сопылық терминология тұрғысынан жүйеленген түркілік мәтін.

Кодикологиялық тұрғыдан алғанда, бұл қолжазбалар XVIII-XIX ғасырлардағы

түркі сопылық орталықтарындағы жазба мәдениеттің дамуын бейнелейді. Қолжазбалардың материалдық және палеографиялық белгілері (қағаз сапасы, жазу мәнері, сияның құрылымы, маргиналдық жазбалар) олардың тариқаттық (Ясауийа және Нақшбандийа) ортада, зікір және рухани ілім беру мақсатында қолданылғанын айғақтайды. Әсіресе Түркістан нұсқасындағы маргиналиялар мен зікір формулалары мәтіннің тек теориялық емес, практикалық-рухани қолданбалы сипатта болғанын көрсетеді.

Зерттеу әдіснамасы көпқырлы тәсілдерге негізделді. Негізгі әдіс ретінде герменевтикалық талдау қолданылды, ол исламдық мәтіндердегі ішкі мағынаны (батини мән) ашуға бағытталған. Бұл әдіс мәтінді сыртқы (захири) құрылымнан ішкі (рухани) деңгейге өтетін hermeneutic айналым тұрғысынан оқуға мүмкіндік берді. Мәтіндегі сопылық категориялар – жүрек (қалб), зікір, нәпсі, ғашықтық, сабыр, фақр ұғымдары Құран мен хадис контексіндегі теологиялық мағынамен салыстырыла талданды.

Сонымен қатар, мазмұндық-теологиялық талдау және салыстырмалы-мәтіндік (компаративистік) әдіс қолданылды. Бұл әдістер арқылы «Бустан ул-мухиббин» трактатындағы аят-хадис интерпретациясы Қожа Ахмет Ясауи, Сүлеймен Бақырғани, Әбу Хамид әл-Ғазали, Әбу әл-Қасым әл-Қушайри және Жунайд әл-Бағдади еңбектеріндегі hermeneutic модельдермен салыстырылды.

Зерттеу барысында сонымен бірге лингво-семиотикалық және символдық деконструкция әдістері қолданылды. Бұл тәсіл сопылық мәтіндегі метафора, ишара және рәміздердің семантикалық құрылымын айқындауға мүмкіндік берді. Әсіресе «жүрек - рухани Қағба», «зікір - рух тынысы», «мұршид - рухани жетекші» сияқты символдық жүйелердің Құрандық және хадистік негіздері герменевтикалық тұрғыда түсіндірілді.

Жалпы алғанда, қолданылған әдістер кешені «Бустан ул-мухиббин» мәтінін тек сопылық поэтикалық туынды ретінде емес, исламдық герменевтиканың өзіндік үлгісі, рухани-танымдық тәжірибенің мәтіндік моделі ретінде қарастыруға мүмкіндік берді.

Сопылық интерпретацияның деңгейлері мен герменевтикалық модельдері

Сопылық герменевтика - ислам өркениетіндегі мағынаны түсіндірудің ерекше түрі. Ол Құран мен хадистерді екі деңгейде қарастырады:

1. захири (сыртқы) - тілдік, құқықтық, догматикалық мағына;

2. батини (ішкі, ишари) - жүрек пен рухқа бағытталған терең мағына.

Бұл жіктеу сопылық интерпретацияның антропологиялық және экзистенциалдық негізін құрайды. Себебі сопылар үшін Құран мен хадис - адамның рухани сапары мен ішкі тазару процесін бейнелейтін тірі мәтін.

Ал-Суламидің *"Tabaqāt al-Ṣūfiyya"* еңбегінде Имам Жунайдтің мынадай әйгілі сөзі келтірілген:

قال الجنيد:
«طريقنا هذا مقيد بالكتاب والسنة، فمن لم يقرأ القرآن ويكتب الحديث لا يصلح أن يُقتدى به.»

Аудармасы:

«Біздің жолымыз Құран мен Сүннетке негізделген. Кім Құран оқымаса және хадис жазсса, соған еру дұрыс емес». Бұл сөз Жунайдтің Құранды тек оқу немесе тілдік деңгейде емес, *рухани тәжірибе мен білімнің өзегі* ретінде қабылдағанын дәлелдейді [8, 45-47 бб.].

Имам әл-Қушайри *«жүрек кірден тазарғанда, онда Хақтың нұры көрініс табады»* деп, Құранның ішкі мағынасы рухани айқындық арқылы ашылатынын көрсеткен [9, 73 б.].

قال أبو القاسم القشيري:
«القلب إذا صفا من الكدورات تجلّى فيه نور الحقّ، كما يتجلّى في المرآة الصافية صورة الناظر إليها.»

Аудармасы:

«Жүрек кірден тазарғанда, онда Хақтың нұры көрініс табады - айна таза болса, ондағы бейне де анық көрінеді». Бұл үзінді *батин* (ішкі мағына) мен *тазарту арқылы тану* идеясының негізін ашады. Құран мен хадис түсінігін жүректегі рухани айқындықпен байланыстырады.

Ал Имам Әбу Хамид әл-Ғазали Құранды «шексіз теңіз» сипаттай отырып, *«жүректегі түсінік есігі ашылмаса, адам тек сыртқы тілдік мағынамен шектеледі»* деген [10, 22-23 бб.].

قال الغزالي:
«إنّ القرآن بحرٌ لا ساحل له، والعلم به لا يُحصى، وما لم يُفتح باب الفهم من القلب لم يُدرك من معانيه إلا الظاهر اللفظي.»

Аудармасы:

«Құран - шегі жоқ теңіз. Оны толық түсіну мүмкін емес. Егер жүрекке түсінік есігі ашыл-

маса, адам тек сыртқы тілдік мағынасымен шектеледі».

Осы мысалдар сопылық герменевтиканың классикалық түсінігін бейнелейді: Құран тек ақылмен емес, жүректің нұрымен ұғынылады.

Сопылық герменевтиканың үш деңгейін ажыратуға болады:

- Тәпсірлік деңгей - мәтіннің тілдік және заңдық мағынасын түсіндіру (захири мағына);
- Ишари деңгей - аят пен хадистің астарлы мағынасын, символдық құрылымын ашу (батини мағына);
- Мистикалық немесе тәжірибелік деңгей - мәтінді рухани тәжірибе, зікір, нәпсі тәрбиесі және жүректің ашылуымен байланыстыра оқу.

Бұл үлгі сопылық «мәтін-тәжірибе» тұтастығының негізін құрайды, яғни мәтіннің мағынасы тек теориялық талдауда емес, рухани тәжірибеде ғана ашылады.

«Бустан ул-мухиббин» трактатының герменевтикалық талдауы

Жүрек - рухани Қағба және муршидтің рөлі

Трактаттың бірінші бөлімінде Бақара сүресінің 2:125 аятына:

«وَطَهِّرْ بَيْتِيَ لِلطَّائِفِينَ»

«Үйімді тауап ететіндер үшін тазартыңдар» - деген аятқа ишари түсіндірме беріледі (әл-Бақара, 2:125).

Сопылық интерпретацияда бұл бұйрық адамның жүрегімен байланыстырылып түсіндіріледі. Себебі Қағба - сыртқы ғибадаттың орталығы болса, жүрек - Алланың нұры түсетін рухани кеңістік, яғни «ішкі Қағба». Автор осы аятқа ишари (астарлы) түсіндірме бере отырып, мына хадисты қатар келтіреді:

«اطلبوا الشيخ الكامل ولو كان في الصين»

Аудармасы: «Кемел ұстазды Қытайдан болса да іздеңдер», жүрек тазалығының рухани ұстаз (муршид) арқылы жүзеге асатынын меңзейді [7, 37 б.]. Сопылық дәстүрде мұршид - жүрек көзін ашушы, рухани тазарудың жетекшісі ретінде қарастырылады.

Осы тұрғыдан алғанда, «Қағбаны тазартыңдар» деген бұйрық жүректі тәрбиелеу, рухани кемелдікке ұмтылу мағынасында түсіндіріледі. Бұл сопылық герменевтикадағы батини (ішкі) мағынаны ашудың жарқын үлгісі болып табылады: шариғат деңгейінде Қағба - ғибадаттың орталығы, ал тариқат деңгейінде - рухани тазару мен Хаққа жақындаудың символы.

Ясауи дәстүрінде де бұл идея ерекше көрініс тапқан: «Субхан изім өзі-дүр, ол Мустафа бұйұрды, Тұтты Қағба халқасын шейхым Ахмад Иассауи...» [11, 514 б.].

«Субхан изім өзі-дүр, ол Мустафа бұйұрды» - бұл жолда ақын Алланы мадақтай отырып («Субхан» - мінсіз, кемшіліксіз деген мағынада), өзінің рухани жолының бастауында Пайғамбар Мұхаммедтің (Мустафа) ықпалы бар екенін айтады. Яғни, Ясауи өзінің ілімін Пайғамбардың сүннетіне, рухани мұрасына сүйеніп таратады. «Ол Мустафа бұйұрды» деген тіркес - Ясауидің миссиясын, хикмет айту жолын Пайғамбар аманаты ретінде қабылдағанын білдіреді.

«Тұтты Қағба халқасын шейхым Ахмад Иассауи...» - бұл жол Ясауидің өзін рухани қажылық деңгейінде сипаттайды. «Қағба халқасын тұтты» - яғни, жүрегін Қағба іспетті киелі мекенге айналдырды деген ишара. Бұл сопылық символикада жүрек - рухани Қағба, ал «халқа» — зікір шеңбері, Алланы еске алу ордасы. Демек, Ясауи өз жүрегін Қағбадай таза ұстауға, Алланың нұрына лайық етуге ұмтылған.

Бұл жолдарда Ясауи өзін Пайғамбар жолының жалғастырушысы ретінде таныстырады. Ол зікір, хикмет, шейхтық ілім арқылы адамзатқа рухани қажылықтың мәнін түсіндіреді - яғни, сыртқы Қағбаға бару емес, ішкі Қағбаны, жүректі тазарту.

Осы хикметте үш деңгейлі мағына көрінеді:

1. Тәухидтік деңгей - Алланың мінсіздігін мадақтау («Субхан изім өзі-дүр»).
2. Пайғамбарлық байланыс - Мұхаммед (с.а.у.) арқылы келген рухани аманат («ол Мустафа бұйұрды»).
3. Сопылық тәжірибе - жүректі Қағбадай дәріптеу, зікірмен нұрландыру («тұтты Қағба халқасын»).

Осылайша, бұл хикмет Ясауи ілімінің өзегін - Аллаға берілуді, Пайғамбарға махаббатты және жүректің тазаруы арқылы Хаққа жақындауды көркем түрде паш етеді.

Жүрек қаттылығы - тозақтық сипат ретінде қарастырылады, өйткені сопылық антропологияда қатайған жүрек рухани өлімнің белгісі болып есептеледі. Мұндай жүрек Алланы еске алмайтын, нұрды

қабылдамайтын күйге түседі. Құранда: *«Сондай олардың жүректері қатайды, сондықтан көбі бұзақы болды»* (әл-Һадид, 57:16) делінеді:

أَلَمۡ يَأۡنِ لِلَّذِينَ ءَامَنُوٓاْ أَن تَخۡشَعَ قُلُوبُهُمۡ لِذِكۡرِ ٱللَّهِ وَمَا نَزَلَ مِنَ ٱلۡحَقِّ وَلَا يَكُونُواْ كَٱلَّذِينَ أُوتُواْ ٱلۡكِتَٰبَ مِن قَبۡلُ فَطَالَ عَلَيۡهِمُ ٱلۡأَمَدُ فَقَسَتۡ قُلُوبُهُمۡۖ وَكَثِيرٞ مِّنۡهُمۡ فَٰسِقُونَ

Осы тұрғыдан жүрек қаттылығы - рухани тазарудан алыстау, нәпсінің үстемдігі мен Хақтан перделенудің көрінісі ретінде тозақтық сипатқа теңеледі.

Трактатта көрсеткен Зумар сүресінің 39:22 аятында былай делінеді:

«فَوَيۡلٞ لِّلۡقَٰسِيَةِ قُلُوبُهُمۡ»

«Жүректері қатайғандар үшін нәсіпсіздік бар» [7, 23 б.].

Сопылық интерпретацияда бұл аят рухани жолға немқұрайлы қарағаң, муршидтің жетекшілігін қабыл етпеген және нәпсінің билігіне түскен жүректердің азапқа лайық екенін білдіреді. Мұндай жүрек - рухани өлімнің белгісі. Мәтінде жүректің екі күйі ажыратылады:

- *«қалб-и мұнир»* - нұрланған, Алланы еске алумен тірілген жүрек;

- *«қалб-и залим»* - қараңғылық пен нәпсінің тұтқынындағы жүрек.

Жүректің қатайуы адамды ғофилдікке (ұмытшақтық пен бейқамдыққа), тәкәппарлыққа және рухани соқырлыққа жетелейді. Сопылар бұл халді Хақтан алыстаудың ең ауыр түрі, яғни рухани тозақ деп түсіндіреді. Ясауи хикметте: «Көкірегімдегі түйіндерді сен өзің шеш, Сол себептен Хаққа сиынып келдім, міне...» деп жазады [11, 46 б.].

«Көкірегімдегі түйіндерді сен өзің шеш» - бұл жолда ақын адам рухындағы күрделі қайшылықтар мен күнәдан, нәпсіден туған рухани түйіндерді меңзеп отыр. Ол бұл түйіндерді тек Алланың рақымы мен мейірімі арқылы ғана шешуге болатынын мойындайды. Мұндағы «көкірегімдегі түйін» - адамның ішкі күйзелісі, күмәні, нәпсімен күресі, рухани ізденіс жолындағы ауыр сынақтары.

«Сол себептен Хаққа сиынып келдім, міне...» - бұл жол Ясауидің толық берілу мен мойынсұну күйін білдіреді. Ақын өзінің әлсіздігін, пенделік шектеулігін сезініп, тек Жаратушыдан көмек пен кешірім сұрайды. Бұл - сопылықтағы *фақр* (рухани мұқтаждық) және *тәуекел* (толық сенім мен тәуел ету) ұстанымының көрінісі.

Ясауи бұл хикмет арқылы рухани жетілу адамның өз күшімен емес, Аллаға шынайы сүйену арқылы ғана жүзеге асатынын көрсетеді. Бұл - мүридтің ұстаз арқылы емес, тікелей Хаққа бет бұрып, жүрегін тазарту кезеңі.

Бұл жолдар Ясауидің терең рухани диалогын білдіреді: ол Алламен тілдесіп, ішкі ауыртпалығын бөліседі.

Демек, «көкірегімдегі түйін» - адам-ның рухани күресін, ал «Хаққа сиыну» - сол күрестің шешімін тек Жаратушыдан іздеуді білдіреді.

Ясауи үшін бұл - рухани тазарудың, хақ жолға түсу мен нұрға жетудің бастауы.

Бұл хикметтік жолдар жүректің Алла зікірі арқылы қайта тірілуін білдіреді.

Осылайша, *«Бустан ул-мухиббин»* еңбегінде жүрек - рухани құрылымның өзегі, нұр мен зікірдің тоғысқан орталығы ретінде көрініс табады.

Зікір - рухани тірілу мен кемелдік амалы

Ахзаб сүресінің 33:41 аяты - «Алланы көп зікір етіңдер» - шығарманың басты концептілерінің бірі болып табылады.

«اذكروا الله ذكرا كثيرا»

(Ахзаб, 33:41) [7, 172 б.].

Бұл аяттағы «зікір» ұғымы Құран мен сопылық дәстүрде тек тілмен айтылатын формула емес, адамның жүрегін тірілтіп, Алланы еске алудың ішкі рухани күйі ретінде түсіндіріледі. Мысалы Сүлеймен Бақырғани де: «Зікір нұры құлды тартып Хаққа жетер, Тынбастан Хақ зікірін айту керек», - деп, зікірдің нұрлық табиғатын айқындайды [11, 416-417 бб.].

Мұнда зікір (Алланы еске алу) адам жанының ішкі әлемін нұрландырып, оны Жаратушыға жақындататын рухани күш ретінде сипатталады. «Нұр» сөзі бұл жерде - рухани жарық, жүрек тазалығы мен иманның белгісі. Яғни, зікір адамның көкірегіндегі қараңғылықты сейілтіп, оны Хаққа (Аллаға) жетелейтін жол.

«Тынбастан Хақ зікірін айту керек» - Бақырғани бұл жолда рухани жетілудің үздіксіз процесс екенін ескертеді. Зікір тек белгілі бір уақытта ғана емес, өмірдің әр сәтінде атқарылуы тиіс, себебі ол жүректің тірі, рухтың сергек болуын қамтамасыз етеді.

Бұл ой Ясауи ілімімен де сабақтас: екеуі де зікірді жүректің нұры мен рухтың оянуының кілті ретінде түсіндіреді. Сопылықта «нұр»

- Алланың адам жүрегіне түскен рухани жарығы, ал зікір - сол жарықтың күшею жолы.

Сүлеймен Бақырғани зікірді тек сөздік еске алу емес, жанның Алламен байланысын жандандыратын рухани энергия ретінде көрсетеді.

Демек, үздіксіз зікір - рухты тазартып, адамды Хаққа жетелейтін жол, ал оның нұры - жүректегі шынайы иманның көрінісі.

Сопылық дәстүрде бұл аяттарға сүйене отырып, зікірдің екі негізгі түрі ажыратылады: жахри (дауыстап айтылатын) және хафи (іштен, үнсіз орындалатын) зікір. «*Бустан ул-мухиббин*» еңбегінде жахри зікірдің рухани әсері мен тәрбиелік маңызы ерекше атап өтіледі. Мұнда жахр зікір жүректі оятатын, бейқамдықтан арылтатын және рухани тазаруға бастайтын амал ретінде сипатталады.

Сонымен қатар, Бақара сүресінің 2:190 аяты:

«إِنَّ اللَّهَ لَا يُحِبُّ الْمُعْتَدِينَ»

«Ақиқатында, Алла шектен шығушыларды жақсы көрмейді» - зікір тәжірибесін шамадан тыс эмоциямен немесе сыртқы әсерге ұрындырудан сақтандырады. Бұл аят зікірдің мәнін - сыртқы дауыста емес, ішкі ықылас пен ниет тазалығында екенін ескертеді.

Ілім мен ахлақ тұтастығы

Пайғамбар хадисінде айтылған:

«إنما بُعِثتُ لأتمم مكارم الأخلاق»

«Мен көркем мінезді толықтыру үшін жіберілдім» - сопылықта адамгершілік пен мінез-құлықтың негізгі өлшемі ретінде қарастырылады [7, 122 б.]. Бұл хадис рухани тәрбиенің түпкі мақсатын - адамды ахлақтық кемелдікке жеткізу екенін айқындайды.

Сонымен қатар, Құранның Taha сүресі, 20:114 аятында:

«وَقُلْ رَبِّ زِدْنِي عِلْمًا»

«Раббым! Ілімімді арттыр!» (Taha, 20:114) - деп бұйырылады. Бұл аят білімге ұмтылудың тек зияткерлік емес, сонымен бірге рухани парыз екенін көрсетеді.

Ясауи хикметінді «Құл Қожа Ахмет, дүние қусаң, ісің бітер, Көкіректен шыққан даусың көкке жетер...» деп көрсетеді [11, 48 б.].

«Құл Қожа Ахмет, дүние қусаң, ісің бітер» - бұл жолда ақын адамға дүниеқоңыздықтың, байлық пен мансап қуудың рухани тұрғыдан зиян екенін ескертеді. «Ісің бітер» деген сөз тіркесі - тек материалдық өмірге байланып қалған адамның рухани жолының тұйықталуын, жүректің қараңғылануын білдіреді.

«Көкіректен шыққан даусың көкке жетер» - бұл жол, керісінше, шын ықыласпен айтылған зікірдің, Аллаға деген адал ниет пен жүректен шыққан дұғаның маңызын көрсетеді. Рухани тазалық пен шынайы ықылас иесінің үні көкке, яғни Жаратушыға жетеді.

Ясауи бұл хикмет арқылы адамды сыртқы байлықтан емес, ішкі байлықтан - рухани тазалықтан, ықыластан, зікірден қуат алуға шақырады. Оның ойынша, дүние - өткінші, ал жүректен шыққан шынайы сөз ғана мәңгілік.

Осы екі жолда Ясауи сопылықтың негізгі қағидасын айқын жеткізеді:

«Дүние - пендені алдайтын перде,

Ал жүректің даусы - Аллаға жететін көпір».

Яғни, адам рухани ояу болса ғана, оның сөзі мен ісі мәнге ие болады.

Трактатта осы екі негіз - *ілім* мен *ахлақ* - бір-бірін толықтыратын рухани категориялар ретінде қарастырылады. Ілім адамның ақылдық қабілетін дамытса, ахлақ оның жүрек сапасын кемелдендіреді. Сопылық қағида бойынша, шын ілім амалмен, ал амал ахлақпен көркемделуі тиіс. Тек осы үйлесім арқылы адам рухани кемелдікке жетеді.

Нәби сөзі мен ишарат рөлі

Қолжазбада жиі кездесетін тіркес «Натиқ ва ҳувайда турур» - *«Нәби айтты және бұл ақиқат»* - хадиске сүйенуді әрі оны ишарат (астарлы нұсқау) арқылы жеткізу тәсілін көрсетеді [7, 314 б.].

Сопылық мәтіндерде хадис көбіне нақыл, хикмет немесе рухани ишарат түрінде беріледі. Көп жағдайда ол толық мәтін түрінде емес, мағыналық үзінді немесе символдық рәміз арқылы енгізіледі. Мұндай тәсіл сопылардың ауызша рухани дәстүрін (сұхбат, хикмет, насихат) жазбаша формада сақтаудың көрінісі болып табылады.

Бұл ерекшелік сопылық әдебиеттің герменевтикалық (мағыналық) тереңдігін айқындайды: мәтін тек оқиғалық емес, рухани мағына мен ишараттар жүйесі ретінде қабылданады.

Сопылықта ахирет пен дүниенің байланысы

Трактатта Тағабун сүресінің 64:14 аятында былай делінеді:

«إِنَّ مِنْ أَزْوَاجِكُمْ وَأَوْلَادِكُمْ عَدُوًّا لَكُمْ فَاحْذَرُوهُمْ»

«Кейбір жұбайларың мен балаларың - сендерге жау болады» [7, 40 б.].

Сопылық интерпретацияда бұл аят адамның рухани жолында дүниелік байланыстар мен махаббаттарға шамадан тыс байлану қаупін ескертеді. Мұндағы «жау» ұғымы тура мағынасында емес, рухани жолдан бұрып әкететін кедергілердің символы ретінде түсіндіріледі.

Аяттағы мағына сопылық ілімдегі «тажрид» қағидасымен, яғни рухани арылу және нәпсі байланыстарынан босау ұстанымымен үндес. Сопылардың түсіндіруінше, мүридтің Аллаға деген сүйіспеншілігі барлық өзге махаббаттан жоғары тұруы тиіс.

Дүние мен отбасы - өз мәнінде сынақ әрі перде: олар дұрыс түсінілсе - рухани кемелдікке жол ашады, ал бейқамдық пен тәуелділікке ұрындырса - Хаққа жетелейтін жолдан алыстатады.

Қорытынды

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, сопылық ілім Құран мен хадисті түсіндірудің өзіндік рухани-герменевтикалық мектебін қалыптастырған. Бұл мектептің басты ерекшелігі - мәтінді тек теологиялық немесе заңдық тұрғыда емес, адамның рухани кемелдену тәжірибесімен байланысты қарастыруында.

Сопылар үшін Құран мен хадис - нәпсіні тазартып, жүректі нұрландырудың, адам мен Тәңір арасындағы рухани байланысты нығайтудың басты құралы.

«Бустан ул-мухиббин» шығармасы осы сопылық интерпретация дәстүрін түркілік мәдениет пен әдебиет контексінде дамытқан маңызды мұра болып табылады. Онда әрбір аят пен хадис тек мәтіндік дәлел ретінде емес, рухани тәрбиенің динамикалық жүйесі ретінде қарастырылған.

Мәтінде Құран аяттары мен хадистер сопылық ұғымдар - *зікір*, *мүршид*, *нәпсімен күрес*, *махаббат*, *сабыр*, *тазалық* - арқылы жаңа мәнге ие болады.

Жүрек - рухани Қағба, зікір - жүректі тірілтетін амал, ұстаз - рухани жетекші, ал ілім - амал мен ахлақ арқылы кемелденетін нұр ретінде сипатталады. Мұндай тәсіл сопылық герменевтиканың басты қағидасы - ішкі мағынаны сыртқы мәтінмен үйлестіру, яғни захири мен батини тепе-теңдігін сақтау - толық көрініс тапқанын көрсетеді.

Зерттеу барысында анықталғандай, *«Бустан ул-мухиббин»* Ясауи мектебінің рухани дәстүрін жалғастырып, сопылық поэтика мен исламдық теологияны тоғыстырған синкреттік туынды болып табылады.

Ол Құран мен хадисті тек діни мәтін ретінде емес, рухани-педагогикалық құрал, адамгершілік тәрбиенің бағдарламасы ретінде танытады.

Сопылық мәтіндердегі хадистің ишара, рәміз, метафора түрінде қолданылуы ислам мәдениетінің ауызша дәстүрінің жазбаша формаға көшу кезеңін бейнелейді. Бұл ерекшелік қазақ және жалпы түркі руханиятындағы *сұхбат*, *насихат*, *хикмет* дәстүрлерінің дамуына тікелей әсер еткен.

Ахирет пен дүниенің байланысына қатысты сопылық интерпретация - рухани теңгерім мен ішкі еркіндік ұғымдарын жаңаша түсіндіреді. Адам баласы дүниелік байланыстарды сынақ ретінде қабылдап, шынайы махаббат пен арылу жолы арқылы Аллаға жақындайды. Практикалық тұрғыдан алғанда, зерттеу нәтижелері: исламтану, дінтану және философия салаларында герменевтикалық талдау үлгісі ретінде қолдануға мүмкіндік береді; мәдени және әдеби зерттеулерде сопылық мәтіндердің ішкі мағынасын тану арқылы түркі өркениетінің рухани кодын ашуға септігін тигізеді; білім беру саласында рухани-этикалық тәрбие мазмұнын жаңартуға болатынын дәлелдейді.

Жалпы алғанда, *«Бустан ул-мухиббин»* еңбегіндегі Құран мен хадис интерпретациясы - тек діни-филологиялық құбылыс емес, сонымен бірге исламдық руханияттың антропологиялық, педагогикалық және мәдени-этикалық негіздерін айқындайтын бірегей ғылыми-рухани феномен.

Әдебиеттер тізімі

1 Schimmel, A. (1975). *Mystical dimensions of Islam*. University of North Carolina Press. https://archive.org/details/mysticaldimensionsofislam2ndedition_202002

2 Nasr, S. H. (1997). *Ideals and realities of Islam*. George Allen & Unwin. https://traditionalhikma.com/wp-content/uploads/2015/02/Ideals-and-Realities-of-Islam.pdf

3 Sands, K. Z. (2006). *Sufi commentaries on the Qur'an in classical Islam*. Routledge. https://traditionalhikma.com/wp-content/uploads/2020/09/Sands-Sufi-Commentaries-on-the-Quran-in-Classical-Islam.pdf

4 Chittick, W. C. (2000). *Sufism: A short introduction*. Oneworld.

5 Палтөре, Ы. М. (2012). *Абай Құнанбайұлының шығармаларында Құран және хадис мәтіндерінің интерпретациялануы* [Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация]. Алматы.

6 *Бустан уль-Мухиббин* [Қолжазба]. (б. ж.). А. Р.Бируни атындағы Шығыстану институты, Ташкент, Өзбекстан. Негізгі қор № 1, шифр БМ-1, тіркеу № 5455/II.

7 *Бустан уль-Мухиббин* [Қолжазба]. (б. ж.). А. Р. Бируни атындағы Шығыстану институты, Ташкент, Өзбекстан. Негізгі қор № 1, шифр БМ-2, тіркеу № 9163.

8 *Бустан уль-Мухиббин* [Қолжазба]. (б. ж.). «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы, Түркістан, Қазақстан. Тіркеу № КК 3704.

9 Хұдайдад бин Ташмұхаммед әл-Бұхари. (2022). *Бустан ул-Мухиббин (Ғашықтардың бақшасы)* (Д. Т. Кенжетай, Ұ. Д. Жүнісбаев, Б. С. Қорғанбеков, & Ш. Д. Жүнісбаев, баспаға дайындаушылар). South Print Corporation.

10 Al-Junayd al-Baghdadi. (1969). Risālat al-Junayd al-Baghdādī: Fiʾl-tasawwuf wa maʿrifat Allāh (Epistle on Sufism and the knowledge of God). In Abu ʿAbd al-Rahman al-Sulami (Ed.), *Tabaqat al-Sufiyya* (pp. 45–47). Dar al-Kutub al-ʿArabiyya. https://archive.org/details/TabaqatAlSufiyya

11 Al-Qushayri, ʿAbd al-Karim. (1966). *Al-Risāla al-Qushayriyya fiʿ ʿIlm al-Tasawwuf (Epistle on Sufism).* Dar al-Kutub al-Misriyya. https://archive.org/details/alrisalaqushayriyya

12 Al-Ghazali, Abu Hamid. (1997). *Ihyà ʿUlum al-Din (Revival of the religious sciences)* (Vol. 1, pp. 22–27). Dar al-Maʿrifa. https://archive.org/details/IhyaUlumalDinGhazali

13 Xoja Ahmad Yassaviy, & Sulaymon Boqirg'oniy. (2022). *Hikmatlar* (Sayfiddin Rafiddinov & Nodirxon Hasan, to'plovchilar va nashrga tayyorlovchilar). O'zbekiston nashriyoti.

Transliteration

1 Schimmel, A. (1975). Mystical dimensions of Islam. University of North Carolina Press. https://archive.org/details/mysticaldimensionsofislam2ndedition_202002

2 Nasr, S. H. (1997). Ideals and realities of Islam. George Allen & Unwin. https://traditionalhikma.com/wp-content/uploads/2015/02/Ideals-and-Realities-of-Islam.pdf

3 Sands, K. Z. (2006). Sufi commentaries on the Qur'an in classical Islam. Routledge. https://traditionalhikma.com/wp-content/uploads/2020/09/Sands-Sufi-Commentaries-on-the-Quran-in-Classical-Islam.pdf

4 Chittick, W. C. (2000). Sufism: A short introduction. Oneworld.

5 Paltore, Y. M. (2012). Abai Qunanbaiulynyń shyǵarmalarynda Quran jáne hadis mátinderiniń interpretatsiyalanuy [Interpretation of Qur'anic and Hadith Texts in the Works of Abai Qunanbaiuly] [Doctoral dissertation submitted for the degree of Doctor of Philosophy (PhD)]. Almaty. (In Kazakh).

6 Bustān ul-Muḥibbīn [Manuscript]. (n.d.). A. R. Biruni Institute of Oriental Studies, Tashkent, Uzbekistan. Main Collection No. 1, shelfmark BM-1, registration No. 5455/II.

7 Bustān ul-Muḥibbīn [Manuscript]. (n.d.). A. R. Biruni Institute of Oriental Studies, Tashkent, Uzbekistan. Main Collection No. 1, shelfmark BM-2, registration No. 9163.

8 Bustān ul-Muḥibbīn [Manuscript]. (n.d.). Aziret Sultan State Historical and Cultural Museum-Reserve, Turkistan, Kazakhstan. Registration No. KK 3704.

9 Khudaidad bin Tashmuhammad al-Bukhari. (2022). Bustān ul-Muḥibbīn (Ǵashyqtardyń baǵshasy) [The Garden of Lovers] (D. T. Kenzhetay, U. D. Zhunisbayev, B. S. Korganbekov, & Sh. D. Zhunisbayev, Eds.). South Print Corporation. (In Kazakh).

10 Al-Junayd al-Baghdadi. (1969). Risālat al-Junayd al-Baghdādī: Fiʾl-tasawwuf wa maʿrifat Allāh [Epistle on Sufism and the Knowledge of God]. In Abu ʿAbd al-Rahman al-Sulami (Ed.), Tabaqat al-Sufiyya (pp. 45–47). Dar al-Kutub al-ʿArabiyya. https://archive.org/details/TabaqatAlSufiyya

11 Al-Qushayri, ʿAbd al-Karim. (1966). Al-Risāla al-Qushayriyya fi ʿIlm al-Tasawwuf [Epistle on Sufism]. Dar al-Kutub al-Misriyya. https://archive.org/details/alrisalaqushayriyya

12 Al-Ghazali, Abu Hamid. (1997). Ihyà ʿUlum al-Din [The Revival of the Religious Sciences] (Vol. 1, pp. 22–27). Dar al-Maʿrifa. https://archive.org/details/IhyaUlumalDinGhazali

13 Xoja Ahmad Yassaviy, & Sulaymon Boqirg'oniy. (2022). Hikmatlar [Wisdoms] (Sayfiddin Rafiddinov & Nodirxon Hasan, Compilers and Editors). O'zbekiston nashriyoti. (In Uzbek).

Авторлардың үлесі

Муминова З.П. – зерттеу тұжырымдамасын әзірлеу, ғылыми әдебиеттерді талдау және мақаланың негізгі мәтінін дайындау. **Балтабаева А.Ю.** – зерттеу материалдарын жүйелеу, алынған нәтижелерді талдау, ғылыми тұжырымдарды нақтылау және мақаланың мәтінін редакциялау.

АВТОРЛАР ЖАЙЛЫ АҚПАРАТ

Зульфия Полатовна Муминова — PhD докторант, Нұр-Мүбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Алматы, «Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК, Түркістан, Қазақстан, email: muminzulfiya@gmail.com, ORCID ID: 0000-0003-1848-5272

Алена Юлдашқызы Балтабаева — жетекші ғылыми қызметкер, доцент, философия ғылымдарының кандидаты, «Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК, Түркістан, Қазақстан, email: Baltabaeva_alyon@mail.ru, ORCID ID: 0000-0003-3479-1827

Zulfiya Muminova — PhD Student, Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak, Almaty, "Aziret Sultan" National Historical and Cultural Museum-Reserve RSE, Turkistan, Kazakhstan, email: muminzulfiya@gmail.com, ORCID ID: 0000-0003-1848-5272

Alyona Baltabayeva — Leading Researcher, Associate professor, Candidate of Philosophical Sciences, "Aziret Sultan" National Historical and Cultural Museum-Reserve RSE, Turkistan, Kazakhstan, email: Baltabaeva_alyon@mail.ru, ORCID ID: 0000-0003-3479-1827

Зульфия Полатовна Муминова — PhD докторант, Египетский университет исламской культуры «Нур-Мубарак», Алматы, Национальный историко-культурный музей-заповедник «Хазрет Султан», Туркестан, Казахстан, email: muminzulfiya@gmail.com, ORCID ID: 0000-0003-1848-5272

Алена Юлдашкызы Балтабаева — ведущий научный сотрудник, доцент, кандидат философских наук, Национальный историко-культурный музей-заповедник «Хазрет Султан», Туркестан, Казахстан, email: Baltabaeva_alyon@mail.ru, ORCID ID: 0000-0003-3479-1827